

"Облыстық перинаталдық орталығы" ШЖҚ КМК. Қызылорда облысы денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес" тақырыбында өткен жиналыс хаттамасы.

№4

Қызылорда қаласы

25 желтоқсан 2024 жыл

Қатысқандар:

1. Бас дәрігер О.В.Ким
2. Заңгер Н.Кенжебекова
3. Дәрігерлер мен орта буын қызметкерлері;

Күн тәртібінде:

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы заңнамаларына енгізілген өзгерістер туралы.

Тыңдалды:

1. Баяндаған: Заңгер Н.Кенжебекова

Сыбайлас жемқорлық қоғамымыздың қауіпті дерті болғандықтан онымен күрес күн өткен сайын күшейіп келеді. Осы орайда Облыстық перинаталдық орталығында "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл" атты семинар өткізілді. Сонымен қатар, жиында пара берушінің пара беру мақсаты белгілі бір істі тездету үшін пара беру, ал пара алған адам сол істі жедел орындау үшін және екінші жағынан белгілі бір істі тоқтату үшін пара береді яғни пара алған адам істің орындалуын тоқтату тиіс, осылай өз қызметтік міндеттерін бұзады. Жылы көзбен қарау үшін де пара беріп жатады, бұл тұрғыда пара алған адам тырнақ астынан кір іздемеу үшін пара беріп жатады. Осындай жағдайларға жол бермеуіміз керек.

Негізі, «Сыбайлас жемқорлық сипатының орын алуы жеке адамның немесе бір топ адамдардың қызмет жағдайын өз басының мүддесіне қарай пайдалануы, және заңсыз пайда алу. Сыбайлас жемқорлық – жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдардың, өздерінің лауазымдық (қызметтік) өкілеттіктерін жеке өзі немесе делдалдар арқылы, осы адамдарды параға сатып алу болып табылады. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық – үшін заңда әкімшілік немесе қылмыстық жауаптылық белгіленген.

Осылайша, ұжым арасында жиналыс өткізіліп, сыбайлас жемқорлықпен тоқтаусыз күрес жұмыстарын бірігіп жүргізіп, жасап жатқан қызметтеріне адал болып, жұмыс барысында заңсыздықардың орын алуына жол бермей, әрбір маман, әрбір азамат, өздерінің лауазымдық міндеттерін адал орындап, бұл жемқорлықтан түбегейлі қарсы тұрып, құтылуымыз керек. Алдағы уақытта қылмыстық құқық бұзушылықтардың және басқа да заң бұзушылықтардың орын алмауын қамтамасыз ету мақсатында, сыбайлас жемқорлық сипатындағы құқық бұзушылықтың алдын – алу және болдырмау мақсатында, жоғарыда аталған теріс әрекеттер бүкіл ұжымға кері әсерін тигізбеуі үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы бірлесіп күрескеніміз дұрыс деп есептеймін.

Төраға:

Хатшы:



О.В.Ким

Н.Кенжебекова